**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Спорт және өнер факультеті факультеті**
**«Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы**
**6В01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық, 6В01404-Бастапқы әскери дайындық мамандығы студенттерінің кезекті XXXII ғылыми-теориялық конференциясының**
**№1 хаттамасы**

**Түркістан қаласы** **05.12.2023 жыл.**

**Қатысқандар:** Кафедра меңгерушісі, PhD аға оқытушы А.Рахымжанов, Профессор Е.Сейдахметов, , профессор А.Халилаев, доцент С.Ақназаров, аға оқытушылар Б.Қуанышбаев, А.Асанов, А.Ибраев, Н.Қалиев, Б.Баетов, Қ.Дуйсенов, Б.Ахмедов, Б.Абдукаримов, Р.Нарықбай, М.Кекилбекова, А.Қойшыбаев, Т.Қасенов Хатшы: PhD, доцент Б.Баймуханбетов

**Күн тәртібінде:** студенттердің кезекті **XXXII** ғылыми-теориялық конференциясының барысын талдау және үздік баяндама дайындаған студенттерді республикалық конкурсқа ұсыну.

Күн тәртібі бойынша сөз алған комиссия төрағасы, PhD аға оқытушы А.Рахымжанов былай деді: 2023-2024 оқу жылында студенттердің ғылыми-теориялық конференциясына барлығы 18 студент қатысып баяндама жасады. Баяндаманың тақырыптары Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық ғылымына, оның ішіне білім берудің инновациялық технологияларына және оқушыларды кәсіби бағдарлау, коррекциялау және бастапқы әскери дайындықтың актуальді мәселелерге арналған жұмыстар талқыланды. Студенттердің дайындықтары өте жоғары деңгейде болды.

Күн тәртібі бойынша сөз алған профессор Е.Сейдахметов конференцияның жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Студенттердің таңдаған тақырыптары өзекті екендігі, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, болашақ кадр ретінде қалыптасуына мол мүмкіндік беретінін жеткізді.

Конференция 04.12-05.12.2023 ж.ж. аралығында болды. Қатысқан студенттердің баяндамалары жан-жақты талқыланып сұрақтар қойылды.

Бірінші болып ДӘД-312 тобының студенті Қыдырбай Асылжан «Қазақстандағы Ұшқышсыз ұшу аппараттары мәселелері» баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі PhD аға оқытушы А.Рахымжанов. ДӘД-311 Жұматаев Саят "Ұшқышсыз әуе соғыс аппараттарының қажеттілігі", БӘД-211 Абдухожа Қасиет «Мектепте жастар ұйымдары арқылы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру жолдары», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы Б.Баетов. БӘД-011 тобының студенті Балашбеков Руслан "Генерал Сабыр Рахымовтың ерлік істері арқылы жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру» тақырыбында баяндамасын жасады. Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы Т.Қасенов.

ДӘД-312 тобының студенті Қалдыбек Әділжеңісбек «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құрылымдардың жалпы әскери жарғылары – әскери қызметшілер мінез-құлқының құқықтық негізі», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы Қ.Дүйсенов. ДӘД-313 тобының студенті Тұрсын Мерей «Болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру», ДӘД-313 тобының студенті Серікбай Ардақ «Төзімділіктің жалпы сипаттамасының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі, доцент С.Ақназаров.

ДӘД-312 Марал Элдар «Әскери информациялық технология маңызы» Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы А.Ибраев. ДӘД-312 Сапархан Даниал «Болашақ дене шынықтыру мамандарының лидерлік сапасын арттыру» Ғылыми жетекшісі PhD профессор м.а. Б.М.Баймуханбетов. ДӘД-311 тобының студенті Жанатбеков Бағдәулет "Дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру проблемалары", Ғылыми жетекшісі аға оқытушы Р.Нарықбай. ДӘД-311 тобының студенті Рысдәулет Дәулет «Жоғарғы оқу

орындағы студенттердің дене шынықтыру сабағындағы қимыл-қозғалыс ойындарының ерекшеліктері» Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы Н.Қалиев.

ДӘД-311 тобының студенті Хасанова Азиза «Дене шынықтыру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру» Ғылыми жетекшісі, профессор Е.Сейдахметов.

Күнқожа Нияз БӘД-011 тобының студенті «Әскери ойындарының материалдық қамтамасыз етілуі», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы С.Мамбеталиев.

ДӘД-311 тобының студенті Төлеген Ерасыл «Болашақ педагог мамандарды тұлғалық кәсіби дамыту үдерісіндегі дене тәрбиесінің маңызы», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы А.Қойшыбаев. БӘД-011 тобының студенті Ахатов Хурсантбек «Қоғамдағы патриоттық тәрбиенің ролі мен маңызы», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы А.Асанов. БӘД-211 тобының студенті Сүлеймен Олжас «Ұрыс техникалары мен қарулы және олардың ерекшеліктері», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы А.Асанов. БӘД-111 тобының студенті Тұрғанбай Гүлзада «Соғыс мақсаты-бейбіт елдің келешегі», Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы А.Асанов. ДӘД-311 тобының студенті Әлмахан Диас «Қазіргі кездегі спорттық педагогиканың маңызы» атты баяндама оқылып, сұрақ-жауап болды. Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы А.Асанов.

Конференция соңында комиссия төрағасы PhD аға оқытушы А.Рахымжанов және комиссия мүшелері профессор Е.Сейдахметов, аға оқытушы полковник Б.Қуанышбаев, аға оқытушы подполковник С.Мамбеталиев, І, ІІ-ІІІ орындардын ұсынды.

**Қаулы:** Комиссия мүшелері 6В01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық, 6В01404-Бастапқы әскери дайындық мамандығы студенттері XXXII ғылыми-теориялық конференциясының қорытындысы бойынша үздік студенттерді төмендегіше ұсынады:

| № | Берілген орын | Студенттің аты-жөні | Тобы | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | І – орын | Күнқожа Нияз | БӘД-011 | Аға оқытушы, подполковник С.Т.Мамбеталиев |
| 2 | ІІ – орын | Балашбеков Руслан | БӘД-011 | Аға оқытушы Т.Б.Қасенов |
| 3 | ІІ – орын | Тұрғанбай Гүлзада | БӘД-111 | Аға оқытушы, подполковник А.Ш.Асанов |
| 4 | ІІІ-орын | Жұматаев Саят | ДӘД-311 | PhD аға оқытушы А.О.Рахымжанов |
| 5 | ІІІ- орын | Абдухожа Қасиет | БӘД-211 | Аға оқытушы Б.К.Баетов |
| 6 | ІІІ- орын | Ахатов Хурсантбек | БӘД-011 | Аға оқытушы, подполковник А.Ш.Асанов |

Конференция соңында комиссия мүшелері студенттерге ғылыми-теориялық конференциясына осылай белсене атсалысаңыздар, алдағы уақытта, өмірде көп жетістікке жетесіздер деген сенім білдіреміз, - деп PhD аға оқытушы А.Рахымжанов өз тілегін білдірді.

Комиссия төрағасы, PhD аға оқытушы А.О.Рахымжанов

Хатшы: PhD профессор м.а. Б.М.Баймуханбетов